

Бекітемін:

«Күншуақ жекеменшік бөбекжай-бақшасының»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

Апталық: «Жол ережесін білейік, аман – есен жүрейік»

Тақырыбы: «Абайла балақай»

(Ортаңғы топ «Толағай» тобы ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті)



Тәрбиешілер: Утеуова Меруерт

Әміреева Алтын

Таушық, 16.11.2023 жыл

Білім беру саласы: Денсаулық

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру.

Тақырыбы: «Абайла балақай»

Мақсаты: Балалардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын, зейіндерін дамыту. Жолда жүру ережелерін меңгерту.

Тәрбиеші: Салеметсіздерме балалар! Қонақтармен амандасайық.

Шаттық шеңбер

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз

Баршаңызға құрметпен

Бас иеміз біз!



Бүгінгі «Абайла балақай» атты ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бастайық.

I. Кіріспе.

- Балалар көңіл күйлерің қалай?

- Жақсы

- Мен сіздерге жұмбақ жасырайын.

Өзі сөйлей білмейді

Бірақ тоқта жүр дейді

(Бағдаршам)

Бағдаршамның неше көзі бар екен?

Балалар? Үш көзі бар

Тәрбиеші: Қандай?

Балалар: Қызыл, сары, жасыл.

Балалар жол тәртібін бұзуға болама?

Балалар: жоқ

Тәрбиеші: Көшеде жүргенде жол тәртібін бұзбай жолда доп қуаламай, жолдан өткенде әуелі сол жаққа сосын оң жаққа карау керек әйтпесе машина басып кетеді. Сондықтан бәріміз бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс әрекетін мұқият тыңдайық. Балалар бүгін біз жаңа өзен қаласының «Айголек» балабақшасына қыдырып барамыз ол үшін мына көлікке отырайық.

Бұл бағдаршам ол жол ережесін реттеп тұрады. Оның үш көзі бар. Қызыл көзі жанғанда тоқтайды. Сары көзі жанғанда дайындалады. Жасыл көзі жанғанда жүреді.

Жолдың арғы жағынан екі бала доппен ойнап шығады.(машина сигнал тормыз) Балалар бұл балалардың бұлай жолда ойнауы дұрыспа

Балалар: Жоқ

Тәрбиеші: Балалар бұл жаяу жүргіншілер жолы бұл жолда адамдар жүреді. Доппен ойнамаймыз әнекей көлік келіп қалды абайсызда көлік қағып кетуі мүмкін сондықтан абайла балақай! Балалар міне біз айголек балабақшасына келдік. Балабақшадағы ортаңғы топ тәрбиешісі бізді білімді балалар екенімізді біліп ойын дайындап қойыпты ендеше ойын ойнауға дайынбызба.?

Балалар: Ия

Ойын: «Бағдаршамның көзін жағайық»

Шарты: екі топқа бөлініп балалар жасыл,сары,қызыл допты алып, белгілі ұяшыққа орналастырып, бағдаршам көзін жағады.



Саяхат-ойын: «Түстер әлемі» .

Шарты: балалар арнайы үстел үстінен өздеріне ұнаған түстерді тандап алады. Қызыл, сары, жасыл түстердің үстімен жүріп түстерді дұрыс табу керек.



Тәрбиеші : Балалар ендеше тәрбиешімен қоштасайық. Біздің балабақшамызға кететін уақытымыз болды. Мінекей балабақшамызға келдік балалар жолда ұзақ жүріп келгесін шаршаған болармыз сергіту сәтін «Бағдаршам» әнін қимылмен орындайық.



Қорытындылау. Балалар бүгін біз қайда бардық

Жаңа өзен қаласына

Қандай балабақшаға бардық?

Айголек

Немен таныстық?

Бағдаршаммен бағдаршамның неше көзі бар екен қандай?

Балалардың түрлі жауаптары.

Мадақтау.

